

Құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілердің этикасы мен мінез-құлқына қатысты мәселелерге үлкен назар аударылуда. Мемлекеттік қызметшілерге қатысты қоғамдық пікірдің қалыптасуы олардың жұмыс уақытындағы ғана емес, сонымен қатар қызметтік міндеттерін орындаудан тыс уақыттағы мінез-құлқымен де белгілі бір дәрежеде байланысты екенін мойындау қажет.

Осы бағытта Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде:

- мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс деп көзделген.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілер арасындағы құмар ойындарға тәуелділік мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Лудомания - бұл құмар ойын-сауыққа патологиялық тартымдылық, онда адам өзінің мінез-құлқын бақылауды жоғалтып, өз өміріне тигізетін жағымсыз салдарға қарамастан ойнауды жалғастыра береді. Демек, құмар ойынға тәуелді адам - қаржылық пайда табу үмітінен туындаған бәс тігуге деген құлшынысын бақылай алмайтын тұлға. Ол көбінесе қаржылық қиындықтарды, жақындарымен қарым-қатынастың нашарлауын және тәуелділіктің басқа да жағымсыз салдарын елемейді.

Сөзсіз, құмар ойындарға тәуелділік мәселесі және оның ықпалына түсіп жатқан адамдар санының артуы түрлі ойындар мен бәс тігу орындарының кеңінен қолжетімді болуымен байланысты. Казинодағы бәс тігу мен құмар ойындардың басқа да түрлерін агрессивті түрде жарнамалау маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет құмар ойындарға тәуелділіктен құресуге бағытталған тиісті нормаларды әзірледі. Ең алдымен, бұл букмекерлік кеңселердің, тотализаторлардың және онлайн-казинолардың жарнамасына тыйым салуды қамтиды. Екіншісі - құмар ойындарға қатысудың ең төменгі жас шегін 25 жасқа дейін көтеру. Сондай-ақ, құмар ойындарды ойнауға тыйым салынаын тұлғалардың тізімі де жасалды. Боргерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген жеке тұлғалардан бөлек, шектеулер мемлекеттік қызметшілерге және оларға теңестірілген тұлғаларға, әскери қызметшілерге, арнайы органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ бюджеттік ұйымдардың басшыларына да қолданылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы

2 қарашадағы № 396 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығының 3-тарауының 6-тармағына 10-тармақша енгізілді, ол мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарының бірін - «қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартынуды» белгілейді. Құмар ойындарға қатысқаны туралы ақпарат алынған лауазымды тұлғаларға қатысты мұндай әрекетке тікелей заңнамалық тыйым салынды. Бұл тыйымды бұзу атқарып отырған лауазымнан босатуға әкеп соғады.

Қазақстанда құмар ойындар мен бәс тігуден өзін-өзі шектеу мерзімі 10 жылға дейін ұзартылғаны да маңызды факт болды. Ел азаматына немесе тұрғынына құмар ойындарға қатысуын шектеу үшін телефондарына eGov mobile мобильді қосымшасын жүктеп алып, электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы жеткілікті. Өтініш электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою арқылы онлайн түрде беріледі.

Айта кету керек, бұл шектеулердің барлығы мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық жағдайларын азайту және олардың қаржылық күйреуінің алдын алу процесінде маңызды қадамдар болды.

Құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу шараларының бірі - кеңес беру және терапия, атап айтқанда, құмар ойындарға тәуелді мемлекеттік қызметшілерге қолжетімді кеңес беру және терапиялық қолдау көрсету. Ұжым ішінде қолдау - өте маңызды: әріптестер бір-біріне тәуелділіктен құресуге көмектесу үшін жұмыс орнында қолдау көрсететін және ақпаратқа толы жұмыс ортасын қалыптастыру қажет.

Құмар ойындарға тәуелділік мәселесі туралы хабардарлықты арттыру, қолдау көрсететін орта қалыптастыру және осы аурудан зардап шеккен әрбір адамға көмек көрсету қажет. Қоғамның, ұйымдардың және жеке тұлғалардың бірлескен күш-жігерімен ғана бұл мәселені шешуге және мемлекеттік қызметшілердің тиімді жұмысын қамтамасыз етуге болады.

Н.АХМЕТОВА,
Павлодар қаласы әкімінің кеңесшісі,
Әдеп жөніндегі уәкіл.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Демей Көк-Тас» ЖШС «Павлодар облысының Май ауданында өнімділігі жылына 300 000 тонна болатын «Көктас» кен орнының кенін өңдейтін байыту фабрикасының құрылысы» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды..

Әсер ететін аумақ-Павлодар облысы, Май ауданы, Ақшимаң А.О., Жаңа Ақшимаң а. (50°47'31.05"С, 76°44'20.53"В).

Учаскенің географиялық координаттары: 1 - 51° 3'6.15"С; 76°42'14.61"В, 2 - 51° 3'7.16"С; 76°42'23.51"В, 3 - 51° 2'57.60"С; 76°42'26.54"В, 4 - 51° 2' 56.92" С; 76°42' 18.60"В.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты мен орны: 24.09.2026 ж. сағат 12:00-де, мына мекенжай бойынша: Павлодар облысы, Май ауданы, Ақшимаң а. о., Жаңа Ақшимаң а., Ә.Молдағұлова к-сі, 6, «Ақшимаң негізгі орта мектебі» КММ ғимараты және бейнеконференцбайланыс арқылы (Zoom конференциясына онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/8809124899?pwd=T3NMNVB2N2hhMEJZSlhWRjgzUXRXQT09&omn=83134791632>, конференция идентификаторы: 880 912 4899, кіру коды: UJ8CL4.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы - «Демей Көк-Тас» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ермұхан Бекмаханұлы көшесі, 1/1 құрылыс, БСН 160440034159, +7 771 730 5956, email: hr@dktko.kz.

Әзірлеуші - «Строй Бизнес Консалтинг» ЖШС; БСН 080440023017; ҚР, Қарағанды қ., Тишбек Аханов к-сі, 26; тел. 8(7212)909351, +7 771 180 3481, +7 701 255 75 60; info@sbk-eng.kz.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтындағы «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және «Павлодар облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat> танысуға болады, e-mail: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru.

Қосымша ақпаратты алуға болады: "Строй Бизнес Консалтинг" ЖШС; e-mail: info@sbk-eng.kz, Тел.+7 771 180 3481, +7 701 255 75 60.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша қабылданады: «Павлодар облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 17-үй, тел. 8(782)321681.

(1111)

Павлодар қаласының Ак. Бектұров-Кривенко-Мәшһүр Жүсіп-Естай көшелерің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бойынша қоғамдық талқылау өткізу туралы хабарландыру

«Павлодар қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімі» Павлодар қаласының Ак. Бектұров-Кривенко-Мәшһүр Жүсіп-Естай көшелерің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бойынша қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін күні: 2026 жылғы 14 қыркүйек;

Өтетін уақыт: сағат 09.00;

Өтетін орны: Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 4-қабат, мәжіліс залы,

Әзірлеуші: «Қолдау» ЖШС;

Спикер: Бимолданов Аслан Мухтарович

Тұрғындар өздерінің ескертулер және ұсыныстарын arhgrad2008@mail.ru электрондық поштасына жібере алады.

(20108)

Еске алу

Өнегелі отбасы

Қазақтың қара шаңырағы – тек бір әулеттің емес, ұлттың тұтастығы мен тәрбиесінің алтын бесігі. Бірлік пен береке салтанат құрған мұндай отбасылардың ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала береді. Жағыпаровтар әулеті - құндылықтардың жарқын көрінісі.

Бұрынғы қазақы дәстүрде ағайынды бірнеше отбасы бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп, бір қазаннан ас ішіп, қуанышы мен қайғысын бірге бөліскен. Балалары бір үйдің баласындай өсіп, бауырмалдықтың, сыйластықтың қадірін бойына сіңірген. Әр шаңырақта тоғыз-он екі баладан тәрбиеленіп, тамыры тереңге жайылған бәйтеректей үлкен әулет қалыптасқан.

Осындай өнегелі әулеттің қадірлі қарияларының бірі **Мұратбек Жағыпаров** еді. Ол бүкіл еңбек жолын Ресей елінің Барнауыл қаласындағы инструменталды зауытта өткізіп, сол жерден абыроймен зейнеткерлікке шықты. Қажырлы еңбегі еленіп, бірнеше Құрмет грамотасы мен марапатқа ие болды. Еңбекті ғана емес, білімді де өмірлік серік еткен жан үйінде бай кітапхана жинап, кітапты үзбей оқитын зиялы азамат болды.

Ал өмірлік жары **Торғай анамыз** 12 перзентті дүниеге әкеліп, олардың тәрбиесіне бар күш-жігерін арнады. Батыр анамыз шаңырақтың ұйытқысы, отбасының берекесін кіргізген ардақты ана

еді. Үй мен түздің шаруасын қатар алып жүріп, ісмерлігімен де елге танылды. Қолынан шыққан сәнді күртешелер, былғары плащтар, өрлерге арналған костюмдер мен пальтоларды бүкіл әулет киді. Оның ісмер қолының табы әлі күнге дейін туғандарының жүрегінде жылы естелік болып сақталған.

Балалары да ата-анасының тәлімін бойына сіңіріп өсті. Үлкен қызы Күлкен өз алдына шаңырақ көтерсе, Нәзір ағамыз бен Сараш апай қара шаңырақтың иесі атанды. Олар ата-ананың аманатына адал болып, 8 інісін үйләндіріп, 2 қарындасын ұзатып, әулеттің бірлігін сақтап қалды. 50 жылдан астам уақыт қара шаңырақтың отын өшірмей, түтінін түзу ұшырды.

Нәзір ағамыз әкесінің жолын жалғап, сол зауытта ұзақ жыл еңбек етіп, құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. Ал Сараш апай енесінен үйренген ісмерлік өнерді жалғастырып, тігіншілікпен айналысты. Олар 4 перзент - үш ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларына еңбекқорлықты, адамгершілікті, үлкенге құрмет



пен кішіге қамқорлықты өмірлік қағида етіп сіңірді.

Бұл шаңыраққа келген әрбір жан өзін бөтен сезінбейтін. Кеңпейілдік пен мейірімнің, ауызбіршілік пен өзара сыйластықтың үлгісін көрсеткен бұл отбасы айналасына әрдайым шуақ шашып жүрді.

Өкінішке қарай, тағдыр бұл әулетке де ауыр сынақ жіберді. Ұлы **Ерлан**ның мезгілсіз дүниеден озуы отбасының қабырғасын қайыстырды. Артында төрт қызы қалды. Артынша індет жылдары Нәзір ағамыз да мәңгілік сапарға аттанды. Бұл қайғы туған-туыстары мен жақындарының жүрегіне жазылмас жара салды.

Дегенмен, адам өмірден өтсе де, оның артында қалдырған өнегесі, тәрбиесі мен еңбегі мәңгі жасайды. Нәзір ағамыз

бен Сараш апай 4 бала, 10 немере, 3 шөбере сүйіп, үлкен әулеттің алтын арқауына айналды.

Бүгінде туған-туыстары мен ұрпақтары ардақты азаматтың жарқын бейнесін сағынышпен еске алады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын! Артында қалған жары Сараш апайға, балалары Темірланға, Ескендірге, Кәмилаға және барша ұрпағына амандық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке тілеймін. Әулеттің ынтымағы мен бірлігі мәңгі жасай берсін!

Өздеріңді қатты сыйлайтын тәтелерің
Сақыш НҮРСЕЙІТОВА-АПСАЛИКОВА.

(784)

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)
«Ертіс Медиа» ЖШС,
«Saryarqa samaly» облыстық газеті
Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №К217VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.



ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 66-15-31.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі:
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.
Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 1414 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефон: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 1013

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.